

Бекітемін
«Лилия» бөбекжай бақшасының менгерушісі

Л. И. Яворская
«10/» 09 2024 ж.

**Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің
2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімдер	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңестің №1 жалпы жиналысы 1. Кеңес құрамының жұмыс бағыттарын нақтылау. 2. 2024–2025 оқу жылындағы негізгі басымдықтарды белгілеу. 3. Жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2	Қамқоршылық кеңестің №2 жалпы жиналысы 1. Балабақшадағы қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру мәселелерін қарастыру. 2. Тәрбиеленушілердің дұрыс тамақтануын ұйымдастыруға қатысты ұсыныстарды талқылау. 3. Қысқы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды қарау. 4. Қолдауды қажет ететін отбасылармен жұмыс түрлерін белгілеу.	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3	Қамқоршылық кеңестің №3 жалпы жиналысы 1. Балалардың зерттеушілік, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын қолдау шараларын қарау. 2. Наурыз және көктемгі мерекелерді өткізуге қоғамдық қолдау көрсету. 3. Балабақша аумағын абаттандыру және балаларға қолайлы орта қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу. 4. Педагогтердің тәжірибе алмасуы мен кәсіби бастамаларын қолдау.	Наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4	Қамқоршылық кеңестің №4 жалпы жиналысы 1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі қауіпсіздік және ұйымдастыру жұмыстарына қолдау көрсету. 2. 2024–2025 оқу жылындағы жұмыс нәтижелерін қорытындылау.	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері

	3. Ата-аналар қауымдастығымен серіктестікті дамыту бойынша ұсыныстарды қарау. 4. Қамқоршылық кеңестің жылдық есебін талқылау және келесі жылға ұсыныстар жинақтау.		
2.1	Тәрбиеленушілердің әлеуметтік және тұрмыстық қажеттіліктерін анықтау, қажет болған жағдайда қолдау көрсету.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2.2	«Жақсылық жасау» бағытындағы қайырымдылық бастамаларына қатысу және көмекке мұқтаж отбасыларға қолдау көрсету.	Қазан–желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, кеңес мүшелері
2.3	Балалардың танымдық, спорттық және шығармашылық іс-шараларын ұйымдастыруға қажетті қоғамдық қолдау көрсету.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2.4	Демеушілік және материалдық көмектің мақсатты әрі ашық пайдаланылуына қоғамдық бақылау жүргізу.	Тоқсанына бір рет	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3.1	Балалардың тамақтану жағдайын, ас блогындағы тазалықты және санитариялық талаптардың сақталуын бақылауға қатысу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3.2	Ойын алаңдары, топ бөлмелері және серуендеу аумақтарының қауіпсіздігін қарау, анықталған мәселелер бойынша ұсыныстар беру.	Тоқсанына бір рет	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3.3	Ата-аналармен кері байланыс орнату, олардың ұсыныстары мен пікірлерін жинақтауға қатысу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3.4	Қамқоршылық кеңес шешімдерінің орындалу барысын қарау және нәтижелері бойынша ұсыныстар енгізу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы
4.1	Қызметкерлерге балалардың қауіпсіздігі, жеке шекарасы және құқықтарын қорғау мәдениеті бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қолдау көрсету.	Қазан	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, МДҰ әкімшілігі
4.2	Мемлекеттік және ұлттық мерекелерге, сондай-ақ отбасылық құндылықтарды насихаттайтын іс-шараларға қоғамдық қолдау көрсету.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4.3	Балалардың спорттық, шығармашылық және танымдық жетістіктерін ынталандыруға бағытталған шараларға қатысу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4.4	Ата-аналар арасында балабақша қызметінің сапасы мен ата-ана–балабақша серіктестігіне катысты сауалнама өткізуге жәрдемдесу және	Қараша–сәуір	Қамқоршылық кеңестің мүшелері

	нәтижелерін талдау.		
4.5	Педагогтердің кәсіби байқауларға, семинарларға және тәжірибе алмасу алаңдарына қатысуын қолдау.	МДҰ жоспары бойынша	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4.6	Ата-аналар жиналыстарына және қоғамдық талқылауларға қатысып, оқу жылының қорытындысы бойынша келесі оқу жылына ұсыныстар жинақтау.	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің мүшелері

Қамқоршылық кеңес отырысының
№1-хаттамасы

Қатысқандар: 10

10.09.2024ж.

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңестің 2024–2025 оқу жылындағы жұмыс бағыттарын ұйымдастыру және негізгі міндеттерін анықтау.
2. Қамқоршылық кеңестің мүшелерін сайлау
3. Балалардың қауіпсіздігі мен ата-аналармен кері байланысты нығайту мәселелері.
4. 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын қарау және бекіту.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып, 2024–2025 оқу жылында Қамқоршылық кеңестің жұмысын жоспарлы және жүйелі түрде ұйымдастыру қажеттігін атап өтті. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты мектепке дейінгі ұйымның жарғылық міндеттерін жүзеге асыруға қолдау көрсету, тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және қолайлы жағдай қалыптастыру, ата-аналар қауымдастығымен өзара байланысты дамыту және мектепке дейінгі ұйымның қызметіне қоғамдық бақылауға қатысу екенін түсіндірді.

Меңгеруші кеңес мүшелерінің жұмыс бағыттарына жеке тоқталып, балалардың әлеуметтік қажеттіліктерін анықтау, қайырымдылық бастамаларын қолдау, демеушілік және материалдық көмектің мақсатты пайдаланылуына назар аудару, тамақтану жағдайы мен санитариялық талаптардың сақталуын қоғамдық бақылау, ойын алаңдары мен топ бөлмелеріндегі қауіпсіздікті қарау сияқты мәселелер оқу жылы ішінде кезең-кезеңімен қаралатынын айтты. Кеңес мүшелеріне әр мәселе бойынша өз ұсыныстарын енгізіп, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауға қатысу ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның әдіскері У.Ахметова сөз сөйлеп, келген ұсыныстар негізінде Қамқоршылық кеңес құрамының тізімін оқып шығып, таныстыру барысында барлық кеңес мүшелерінің аты – жөндерін атап, қызметіне тоқталып өтті. Осы аталған кісілер қамқоршылық кеңесте жұмыстарын жауапкершілікпен атқаратынына сенімді екенін айтып өтті. Мамонтенок тобының ата-ана комитеті Жалмағанбетова Шолпан сөйледі, ол МДҰ Қамқоршылық кеңес төрағасының кандидатурасына балабақша

құрылтайшысы, әрі меңгерушісі Л.И.Яворскаяны ұсынды, сондай-ақ қамқоршылық кеңесінің хатшысы орнына медбике Г.Орынды бекітуді ұсынды.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ата-аналармен кері байланысты күшейту бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды. Кеңес мүшелері ойын алаңдары мен топ бөлмелерінің қауіпсіздігін, балалардың серуендеу кезіндегі қауіпсіз мінез-құлқын, тұрмыстық және өрт қауіпсіздігі талаптарының түсіндірілуін бақылаудың маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлерін жүйелі түрде жинау, туындаған мәселелерді уақытында қарастыру және балабақша мен отбасы арасындағы өзара түсіністікті нығайту қажет екені айтылды.

4. Төртінші мәселе бойынша меңгеруші Л.И.Яворская сөз алып, 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда төрт жалпы отырыс өткізу, әлеуметтік және қайырымдылық қолдау, балалардың тамақтануы мен санитариялық жағдайына қоғамдық бақылау, қауіпсіздік мәселелері, ата-аналармен кері байланыс және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қолдау бағыттары қамтылғаны атап өтілді. Кеңес мүшелері жоспардың негізгі тармақтарын талқылап, оқу жылы бойы іс-шараларды мерзімінде орындау және әр отырыста алдыңғы шешімдердің орындалу барысын қарау жөнінде ұсыныс жасады.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің 2024–2025 оқу жылындағы негізгі жұмыс бағыттары бекітілсін.

«Лилия» бөбекжай бақшасының 2024-2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің құрамына сайлансын:

1. Яворская Л.И. – Қамқоршылық кеңестің төрағасы.

2. Орын Г. – Қамқоршылық кеңестің хатшысы.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

3. Ахметова У.О. – әдіскер

4. Маманова С.С. – бақша тәрбиешісі

5. Кривоносова Е.Ю. – бақша ардагері

6. Жалмағанбетова Ш. – ата-аналардың өкілі.

7. Ахметов Н. А. – ата-аналардың өкілі.

Шешім ашық дауыс беру арқылы бірауыздан қабылданды. Қамқоршылық кеңес мүшелері «Лилия» бөбекжай бақшасының Жарғысы және нормативтік құқықтық құжаттарымен таныссын

3. Балалардың қауіпсіздігіне және ата-аналармен тұрақты кері байланыс жүргізуге бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

4. Қамқоршылық кеңестің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Төраға

Хатшы



Қамқоршылық кеңес отырысының
№2-хаттамасы

Қатысқандар: 10

12.12.2024ж.

Күн тәртібі

1. Балабақшада балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары жайында.
2. Балабақшадағы тамақтану сапасы мен ас блогындағы санитариялық жағдайды қоғамдық бақылау.
3. Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары және әлеуметтік қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жолдары.
4. Қайырымдылық бастамаларын және балалардың мерекелік іс-шараларына ұйымдастырушылық қолдауды қарастыру.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстардың оқу жылы басынан бері тұрақты жүргізіліп келе жатқанын атап өтті. Топ бөлмелеріндегі жиһаздардың дұрыс орналасуы, ойыншықтардың қауіпсіздігі, еден жабындарының жағдайы, дәліздердегі қозғалыс қауіпсіздігі, ойын алаңдары мен серуендеу аумақтарының жай-күйі туралы ақпарат берілді. Анықталған ақауларды уақытында жою және балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу қажеттігі айтылды. Кеңес мүшелері балалардың қауіпсіздігін бақылау кезінде маусымдық ерекшеліктерді де ескеру керектігін атап өтті. Қыс айларында кіреберістердің тазалығы, тайғақ жерлердің алдын алу, жылыту жүйесінің қауіпсіздігі, қысқы серуен кезінде балаларды бақылау және ата-аналарға қауіпсіздік ережелерін еске салу мәселелері бойынша ұсыныстар берілді. Сонымен қатар қауіпсіздікке қатысты туындаған кез келген мәселені кеңес мүшелеріне хабарлап отыру қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша балабақшадағы балалардың тамақтану сапасы мен ас блогындағы санитариялық жағдай бойынша сөз кезегін медбике Г.Орын алды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай теңгерімді мәзір, тағамдардың әртүрлілігі, көкөніс, жеміс, сүт және ет өнімдерінің тиісті мөлшерде қамтылуы, ас блогындағы тазалық пен санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы туралы айтылды. Қоғамдық бақылау барысында ас мәзірінің ұйымдастырылуы, дайын тағам сапасы,

асханадағы тәртіп және балалардың тамақтану мәдениетіне көңіл бөлу қажеттігі атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары қарастырылуы бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды. Серуендеу уақытын ауа райына қарай реттеу, балалардың жылы киінуі, тайғақ кезінде сақтық шараларын сақтау, қысқы ойындарды қауіпсіз ұйымдастыру және ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды. Сонымен қатар әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларды анықтау, олардың қажеттіліктерін зерделеу және қажет болған жағдайда көмек көрсету жолдары талқыланды.

Төртінші мәселе бойынша меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып, қайырымдылық бастамалары мен балалардың мерекелік іс-шараларына ұйымдастырушылық қолдау көрсету қарастырылғанын айтты. Кеңес мүшелері «Жақсылық жасау» бағытындағы шараларға қатысу, көмекке мұқтаж отбасыларға қолдау көрсету, балалардың жаңа жылдық және танымдық іс-шараларын мазмұнды өткізуге жәрдемдесу жөнінде ұсыныстар айтты. Балаларға арналған қолдаудың олардың жасына сай, қауіпсіз және тең жағдайда ұйымдастырылуы керектігіне назар аударылды.

Шешім:

1. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша профилактикалық және қоғамдық бақылау жұмыстары жалғастырылсын.
2. Балалардың тамақтану сапасы мен ас блогындағы санитариялық жағдайға қоғамдық бақылау тұрақты жүргізілсін.
3. Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, ата-аналарға тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
4. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілердің қажеттіліктері анықталып, қажет болған жағдайда көмек ұйымдастырылсын.
5. Қайырымдылық және мерекелік іс-шараларға ұйымдастырушылық қолдау көрсетілсін.

Төраға

Хатшы

Яворская Л.И.
Урбан. Т.



Қамқоршылық кеңес отырысының
№3-хаттамасы

Қатысқандар: 10

11.03.2025ж.

Күн тәртібі

1. Балалардың зерттеушілік, шығармашылық және коммуникативтік белсенділігін қолдау жұмыстары жайында.
2. Көктемгі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға қоғамдық қолдау көрсету.
3. Балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.
4. Педагогтердің кәсіби бастамаларын және тәжірибе алмасуын қолдау.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып, балалардың зерттеушілік, шығармашылық және коммуникативтік белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстардың маңыздылығын атап өтті. Балаларға сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, музыка, қимылды ойындар, бақылау және қарапайым зерттеу элементтері арқылы өз қабілеттерін көрсетуге жағдай жасалатынын айтты. Тәрбиешілердің баланың жеке қызығушылығын ескере отырып, шығармашылық тапсырмалар мен танымдық ойындарды таңдау қажеттігіне тоқталды.

Кеңес мүшелері белсенді және шығармашылық қабілеті жоғары тәрбиеленушілерді ынталандыру үшін олардың жұмыстарын көрмелерде көрсету, мерекелік шараларға қатыстыру, балалардың жетістіктерін ата-аналарға таныстыру және мадақтау мүмкіндіктерін пайдалану жөнінде ұсыныстар білдірді. Баланың әрбір жетістігін қолдау оның өзіне деген сенімін арттыруға ықпал ететіні айтылды.

Екінші мәселе бойынша көктемгі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға қоғамдық қолдау көрсету бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды. Көктемгі мерекелерге арналған бағдарламаларды балалардың жас ерекшелігіне сай құру, ұлттық және отбасылық құндылықтарды насихаттау, топтарды безендіру, ата-аналарды іс-шараларға қатыстыру және балалардың шығармашылық өнерін көрсетуге мүмкіндік беру жөнінде ұсыныстар айтылды. Іс-шаралардың қауіпсіз өтуіне және санитариялық талаптардың сақталуына назар аударылды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары қарастыру бойынша сөз кезегін бақша күтушісі Н.Сахинбаев сөз алды.. Көктемгі маусымда аула аумағын тазалау, гүлзарларды ретке келтіру, ағаштар мен жасыл желектерді күтіп-баптау, балалар ойнайтын алаңдарды дайындау және қоршаулардың, ойын жабдықтарының қауіпсіздігін тексеру қажеттігі айтылды. Балаларға қолайлы және эстетикалық орта қалыптастыру үшін жұмыстарды кезең-кезеңімен орындау ұсынылды.


Төртінші мәселе бойынша меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып, педагогтердің кәсіби дамуына қолдау көрсету мәселесі талқыланды. Қызметкерлердің кәсіби байқауларға, семинарларға, тәжірибе алмасу кездесулеріне және әдістемелік іс-шараларға қатысуы білім сапасын арттыруға ықпал ететіні атап өтілді. Қамқоршылық кеңес мүшелері педагогтердің осындай бастамаларына қоғамдық және ұйымдастырушылық тұрғыда қолдау көрсетуге дайын екендерін білдірді.

Шешім:

1. Балалардың шығармашылық, танымдық және коммуникативтік белсенділігін дамытуға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.
2. Көктемгі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға қоғамдық және ата-аналар тарапынан қолдау көрсетілсін.
3. Балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілсін.
4. Ойын алаңдарының қауіпсіздігі тексеріліп, анықталған кемшіліктер уақытында жойылсын.
5. Педагогтердің кәсіби дамуына және тәжірибе алмасуына қолдау көрсетілсін.

Төраға

Хатшы



Қамқоршылық кеңес отырысының
№4-хаттамасы

15.05.2025ж.

Қатысқандар: 10

Күн тәртібі

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
2. 2024–2025 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстарын қорытындылау.
3. Ата-аналар қауымдастығының және қоғамдық қолдаудың тиімділігін талқылау.
4. Қамқоршылық кеңестің жылдық есебін қарау және келесі оқу жылына ұсыныстар жинақтау.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Л.И.Яворская жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық барысы туралы баяндады. Балалардың жаз айларында таза ауада болуын тиімді ұйымдастыру, сауықтыру және қимылды ойындар өткізу, күн тәртібін сақтау, ойын алаңдары мен серуендеу аумақтарын дайындау жөніндегі жұмыстарға тоқталды. Жазғы кезең басталғанға дейін ойын жабдықтарының, қоршаулардың, көлеңке орындарының және ауладағы қауіпсіздік жағдайының тексерілуі қажеттігі атап өтілді.

Сонымен қатар ыстық күндері балалардың шамадан тыс күн астында қалмауы, таза ауыз сумен қамтамасыз етілуі, серуендеу уақытын ауа райына сәйкес реттеу және жарақаттанудың алдын алу мәселелері қарастырылды. Ата-аналарға жазғы кезеңдегі қауіпсіздік талаптары мен балалардың киіміне, су режиміне және күн тәртібіне қойылатын ұсынымдарды түсіндіру қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша меңгерушісі, әрі кеңес төрағасы Л.И.Яворская сөз алып, 2024–2025 оқу жылында Қамқоршылық кеңес жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар қорытындыланды. Оқу жылы ішінде балалардың қауіпсіздігі, тамақтану сапасы, санитариялық жағдай, әлеуметтік қолдау, қайырымдылық бастамалары, ата-аналармен кері байланыс, шығармашылық және танымдық белсенділікті қолдау, сондай-ақ балабақша аумағын абаттандыру мәселелері қаралғаны атап өтілді. Әрбір отырыс бойынша қабылданған шешімдердің орындалуына байланысты жүргізілген жұмыстарға қысқаша баға берілді.

Үшінші мәселе бойынша меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып, ата-аналар қауымдастығының және қоғамдық қолдаудың тиімділігін арттыру мәселесі талқыланды. Ата-аналардың мерекелік іс-шараларға қатысуы, балабақша аумағын абаттандыру жұмыстарына қолдау көрсетуі, балалардың шығармашылық бастамаларын қолдауы және кері байланыс орнату мүмкіндіктері қарастырылды. Сонымен бірге демеушілік және материалдық көмектің мақсатты әрі ашық пайдаланылуына қоғамдық бақылау жасау қажеттігі айтылды.

Төртінші мәселе бойынша меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып, Қамқоршылық кеңестің жылдық есебі тыңдалып, оқу жылы бойындағы нәтижелер талқыланды. Кеңес төрағасы жыл ішінде өткізілген отырыстарда балалардың қауіпсіздігі, әлеуметтік қолдау, тамақтану, қайырымдылық, ата-аналармен серіктестік және тәрбиелеу-білім беру сапасын қолдау мәселелері тұрақты түрде қаралғанын атап өтті. Келесі оқу жылында да қоғамдық бақылауды жалғастыру, ата-аналармен өзара іс-қимылды күшейту, балалардың шығармашылық және танымдық белсенділігін қолдау бағыттарын жалғастыру ұсынылды.

Кеңес мүшелері жылдық жұмыс қорытындысын талқылап, жоспарланған міндеттердің негізгі бөлігі орындалғанын атап өтті. Алдағы кезеңге арналған ұсыныстар қатарында балалардың қауіпсіздігіне бақылауды күшейту, ата-аналардың ұсыныстарын тұрақты жинау, әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасыларды ерте анықтау және балабақша аумағын қолайлы күйде ұстау мәселелері белгіленді.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары белгіленген мерзімде аяқталып, балалар үшін қауіпсіз жағдай қамтамасыз етілсін.
2. 2024–2025 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстарының жылдық есебі қабылдансын.
3. Ата-аналармен серіктестік және кері байланыс жұмыстары жалғастырылсын.
4. Демеушілік және материалдық көмектің мақсатты пайдаланылуына қоғамдық бақылау жүргізілсін.
5. Қамқоршылық кеңестің келесі оқу жылына арналған ұсыныстары ескерілсін.

Төраға

Хатшы